



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

«ӨРЛЕУ»БАҰО» АҚ ФИЛИАЛЫ МАҢҒЫСТАУ облысы бойынша ПҚ БАЙ

# Шығармашылық жоба

Тақырыбы: Сүйіспеншілік


*Орындағандар: Жусіпбаева Ақтоты  
Куптилявова Тәжігул  
Эсбергенова Гулжан  
Илясова Гулмира*

Ақтау 2016 жыл

**Құндылығы:**  
*Сүйіспеншілік*

**Қасиеттер:**

- 1. мейірімділік*
- 2. қарапайымдылық*
- 3. риясыздық*



# Жоспары:

## жоспары:

1. Тыныштық сәті
2. Жаңа сабақ
3. Дәйексөз
4. Әңгімелесу
5. Сүйіспеншілік жайлы түсінік
6. Шығармашылық жұмыс
7. Топпен ән айту





**Мақсаты:** Сүйіспеншілік, жақсы көру, риясыздық, ақкөңілділік құндылықтары туралы оқушыларыдың түсініктерін кеңейту. Адамгершілік қасиеттерін одан әрі жетілдіру, қалыптастыру.

**Міндеттері:** Сүйіспеншілік, жақсы көру, риясыздық, ақкөңілділік құндылықтарын адам өмірінде маңызды екендігін түсіндіру.





# Тыныштық сәті

*Көзімізді жұмып және бірнеше рет терең тыныстап, денемізді бос ұстаймыз. Бірнеше секундтан соң теңіз түбіне саяхат жасаймыз.*

*Теңіз жағасымен келе жатқаныңызды елестетіңіз. Толқындардың жеңіл шалпылына, шағалалардың шуылына құлақ түріңіз. Жалаң аяқтарыңызбен құмды сезініңіз. Шалғайдан қара нүкте көріп тұрсыз: ол жақындаған кезде дельфин екенін түсіндіңіз. Ол сізді теңіз түбіне алып кету үшін келді. Ол өте әдепті жәндік, сізді шыдамдылықпен күтіп тұр. Жайлап оның арқасына отырыңыз, мықтап ұстап жолға шығыңыз. Дельфиннің арқасында жайлап отырып, өзіңді қауіпсіз сезіну, су астында жүзу қандай керемет. Жан - жағыңызға қараңыз: мұнда кемпірқосақ тәрізді арлы - берлі жарқырай қалқыған әсем балықтар қаншама. Теңіз түбіне бойлаған сайын айнала қалайша өзгереді, суда тербелген қаншама гажайып балдырлар. Қараңызшы, қандай орасан зор балықтар, ал енді анау жаққа көз тастаңыз... бұл орасан сегізаяқ. Су асты неткен қызықты әрі гажап әлем. Сіз бір нәрсені байқадыңыз ба? Мұнда неткен тұңғыш, толық тыныштық. Осы тыныштық күйде болыңыз. /бірнеше секунд үнсіздік/.*

*Ал қазір жоғарыға, өз әлемімізге кері қайтуға дайындалыңыз. Айналаға жіті қараңыз. Гажап түстерге тағы бір рет қараңыз және тыныштыққа құлақ түріңіз. Осындай тыныштық сізге самалдай әсер береді. Енді дельфин кері қарай жолға шықты. Сіз су бетіне шықтыңыз, жағаға жақындадыңыз. Дельфиннің арқасынан түсіңіз, оны сипалаңыз және осындай гажап саяхатқа апарғаны үшін ризашылық білдіріңіз. Сыныпқа оралыңыз және өз орыңызға келіңіз. Бірнеше секундтан соң көзіңізді ашыңыз, осы түйсінген тыныштықты өз бойыңызда сақтауға тырысыңыз.*

*- Рахмет. Кім өзінің әсерімен бөліскісі келеді?*

# Жаңа сабақ

1-топ «Мейірімділік»

2-топ «Риясыздық»

3-топ «Ақкөңілділік»





**Ұранымыз:**

**Жынырымыз:**

Сыйлай білмеген, сұрай да білмейді.  
Жек көре білмесең, сүйе де білмейді.



Барлық заттар үлкен бір ойды білдіреді. Бұл ой- сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік эмоция емес. Ол дүниені өзгертуге бейім. Өмір беруші және демеуші қуатты энергия. Адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Шын мәнінде біздің өміріміз сүйіспеншілік оқиғасынан тұрады. Біреуге үйреншікті үйір болу, байланып қалу-өзімшіл сүйіспеншілік. Өзімшіл сүйіспеншілік немесе үйір болып қалу-азап шектіреді, қайғы-қасірет әкеледі. Сүйіспеншілік қорқынышты білмейді. Сүйіспеншілік өтіріктен аулақ қашады.

Адам ақиқатты танып сүйіспеншілікпен дұрыс әрекет еткенде оның жан дүниесінде ішкі тыныштық орнайды да олардың жемісі қиянат жасамау болады.

Сүйіспеншілік, сыйластық, мейірім сезімін адамға жас күнінен бастап тәрбие арқылы бала бойына сіңіру қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойына отанға, айналасына деген сүйіспеншілік ұялары анық.



*Жалпы сүйіспеншілік ұғымы — бүкіл жарық дүниені сүю. Егер адам баласының сүйіспеншілігі бүкіл әлемге, яғни жанды, жансыз дүниеге (тау, тал, адам, отан, тіл, дін) бірдей болса, нұр үстіне нұр.*

*Адам баласының достық сезімі адаммен бірге жаратылған. Ал бірлігін сақтау жолы, яғни, кілті, ол сүйіспеншілік пен сенімде. Егер осы сенім адам өмірінен алыстай бастаса, қоғам әлсірей түсетіні сөзсіз. Біздегі тыныш та бейбіт өмір әлемнің өзге елдерінде сирек. Бірі ұлтаралық даумен басы қатса, енді бірі лаңкестік арандатушылыққа бой алдырды, тағы бірі, тойғанын көтере алмай, енді біреуі түрлі табиғат апатына ұшырауда. Еліміздің мұндай жағдайға ұшырамауының басты себебі, халықтың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен сенімінің молдығы, бірлігіміздің жарастығының арқасында.*

*Адамдар әртүрлі мінез-құлықпен, яғни өмірді түсініп, сүюдегі дәрежесін әртүрлі етіп жаратылған. Біреудің өмірге деген сүйіспеншілігінің аздығы, бұл орайда дәл осы кемшіліктің өз бойымызда бар екендігін көбіне мойындамаймыз.*

*Жаратылысымызда мәңгілік ештеңе жоқ. Жер бетіндегі жалпы құбылыс үнемі өзгеріске ұшырап, қозғалысқа түсіп, ол мәңгілік жоғалып кетпесе де, бір күйден, екінші бір күйге ауысып отырады. Осы сияқты жер бетіндегі адам баласының тыныс-тіршілігі де үнемі қозғалыста. Сондықтан адамзат, қоғам, дәуір, заман алмасуын қанша рет бастан өткізгені белгісіз. Сол бір қиын-қыстау кезеңде елімізде өмір сүру, дүниені танып білу сезімінде мейірімсіздік пайда болып, бір-біріне деген сүйіспеншілігі кеми бастады.*



**Қиянат  
жасамау**

**ТЫНЫШЫҚ**

*сүйіспеншілік*

**Дұрыс  
әрекет**



**ақиқат**





# Сүйіспеншілік түрлері:

---

- *Риясыз сүйіспеншілік-*
- *шексіз сүйіспеншілік*



Өзара  
сүйіспеншілік-екі  
адамның  
арасындағы сезім



Өзімшіл сүйіспеншілік



## Сүйіспеншілік түрлері:

☀ *Өзімшіл сүйіспеншілік*

☀ *Өзара сүйіспеншілік*

☀ *Риясыз сүйіспеншілік*



*Отанға-  
елдікке*

*Адам мен  
Жаратушы  
-  
имандылық*

*Ұстаз бен  
шәкірт-  
білімділік*



***Сүйіспеншілік***

*Туыс  
арасында-  
татулық*

*Ата-ана  
мен бала-  
мейірімділі  
к*

*Ер мен әйел  
-отбасы*



*Абай Құнанбаев(1845-1904)*

*«Адамзаттың бәрін сүй  
бауырым деп»*

*Адамда негізі екі қасиет  
болуы тиіс- адалдық және  
махаббат.*





*Абайдың әнге деген сүйіспеншілігі*

*Құлақтан кіріп бойды алар,  
Әсем ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй,-деп  
білдірген*




## Дәйексөз

*«Жақсылыққа жақсылықпен  
жауап бер, залымдыққа  
сүйіспеншілікпен жауап қат»*

*(Конфуций)*



An illustration of an unrolled scroll with text and decorative elements. The scroll is light brown with a textured surface, and the text is written in a blue, cursive font. The scroll is unrolled from the left side, with the right side still rolled up. At the bottom of the scroll, there are several small, decorative floral arrangements with red and green flowers, resting on a white surface.

*ЕЖЕЛДЕ өмір сүрген Лемуил патшаға анасы маңызды ақыл-кеңестер берген. Ол жақсы әйелдің қандай қасиетке ие болуы керектігі жөнінде де айтқан еді. Ол: “Аузынан шыққан сөзі — нағыз даналық, берген тәлімі — мейірімді жақсылық”, — деген болатын\* .Дана әйелдер ғана емес, Ехобаға ұнамды болғысы келетін адамдардың бәрі сүйіспеншілікке толы мейірімділік танытулары керек .Барлық шынайы мәсіхшілердің сөйлеген сөзінен сүйіспеншілікке толы мейірімділіктің лебі есіп тұруы қажет.*



Балаға керекі, тиімді  
жаттықтыру емес, ең алдымен  
сүйіспеншілік қатынас.



# Шығармашылық жұмыс

*1-топ Мақал-мәтелдер*

*2-топ Сүйіспеншілік тақырыбына көрініс ұйымдастыру*

*3-топ Сүйіспеншілікті кірістіріп ертегі, әңгіме құрастыру*





Базарға барайын деп сыртқа шыққан жас келіншек есіктің алдында отырған үш қарияны көріп, тұрыңқырап қалды да, бар ниетімен үйіне шақырды. Сонда қариялардың біреуі: «Біз шақырған жерге үшеуіміз бірге бармаймыз», - дейді. - Оң жақтағы досым Байлық, сол жақтағым болса - Сәттілік, менің атым - Сүйіспеншілік. Өзін, жолдастарын таныстырған соң Сүйіспеншілік әйелге былай деп талап қояды:

- Қазір үйіңізге барып жолдасыңызбен ақылдасыңыз. Үшеуіміздің біреуімізді ғана шақыруға құқыларыңыз бар. Қайсысымыз баратынымзды өздеріңіз айтарсыздар, - деді.

Келіншек Сүйіспеншіліктің талабын күйеуіне айтқанда, қатты қуанған ол: «Қандай жақсы, қандай жақсы» - деп қайталай береді. - Кімді шақыру еркіндігін бізге берді емес пе? Біз байлықты шақырайық, үйіміз бірден молшылыққа кенелсін». Күйеуінің шешіміне қоңілі толмаған әйел: «Сәттілікті шақыруға қалай қарайсың?» - деді. Екеуі ортақтасып, мынадай шешімге келді: «Негізінде, ең асылы, Сүйіспеншілік қой деймін. Ол бар жерде біз бақытты боламыз».

Есікті ашқан келіншек үш ақсақалға: «Қайсыңыз Сүйіспеншіліксіңіз? Төрлетіңіз. Сізді шақыруды ұйғардық», - дейді. Сүйіспеншілік орнынан тұрды да, үйге беттеді. Жолдастары да орнынан тұрып, оның артынан үйге қарай жүрді. Аң-таң болған жас келіншек Байлық пен Сәттілікке: «Тек біреуіміз ғана бара аламыз деп айтып едіңіздер...» - деді. Қариялар: «Егер тек қана Байлықты немесе Сәттілікті шақырсаңыз, басқа екеуіміз далада отырар едік. Бірақ та сіздер Сүйіспеншілікті шақырдыңыздар. Сол үшін үшеуіміз бірге баруымыз керек», - дейді. Келіншектің «Неге?» деп сұрауын күтпестен олар сөзін сабақтай түсті: «Өйткені Сүйіспеншіліктің жүрген жерінде біз - Байлық пен Сәттілік қашан да біргеміз.



# Топпен ән айту

*Ана туралы жыр*

*Сөзі: Шәмші Қалдаяқов*

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған  
Даланың әр гүлін жинадың сен маған  
Сен бердің құстардың қанатын самғаған  
Балалық қоштарың өзіңе арнаған

Қайырмасы:

Әлдилеп, аялап өсірген жемісің  
Самал жел саябақ құшағың мен үшін  
Есейіп кетсем де, мен саған сәбимін  
Көңіліңді көктемдей көзіңнен танымын

Өтеуге борышын анашым жан сырым  
Іздемді сен үшін әлемнің асылын  
Әлемнің байлығын сыйлар ем кеш мені  
Сыйлар ем ай - күнін қолыма түспеді

## Қорытынды

### Қорытынды

Сүйіспеншілік, сыйластық, мейірім сезімін адамға жас күнінен бастап тәрбие арқылы бала бойына сіңіру қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойына Отанға, айналасына деген сүйіспеншілік ұялары анық.





Назарларыңызға рахмет!

Тазыбуабырызға рахмет!

